

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Күншуақ»

Жоспардың құрылу мерзімі: 04.03.-7.03.24 ж.

Күнтәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.03.2024	Сейсенбі 05.03.2024	Сәрсенбі 06.03.2024	Бейсенбі 07.03.2024	Жұма 8.03.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға өзі ұнататын таңдаған ойын құралымен ойнауға мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Аналар күніне арналған ертеңгілікке қатысуға шақыру. Апта бойғы орындалатын жұмыстар туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сықырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жок?»	Шамасы келетін жұмысты орындату. Балалардың бас тамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балалармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету.	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.				

	<p>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> <p>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)</p> <p><i>Тамақ ішер кезде енді.</i></p> <p><i>Сөйле мейміз күлмей міз.</i></p> <p><i>Астан басқа өзгені</i></p> <p><i>Елемейміз, білмейміз.</i></p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Таңғы жиын. Балаларға жылы сөздерді бір-біріне айтқызу.</p> <p>Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Маманының жоспары бойынша</p> <p>8-наурыз халықаралық әйелдер күні екенін айтып түсіндіру. Мерекеде аналарға қандай құрмет көрсету керектігін суреттер арқылы көрсету.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай.</p> <p>«Бесік жырын» тыңдату.</p> <p>Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау.</p> <p>Адамның ең жақыны</p>	<p>Музыка</p> <p>Маманының жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Маманының жоспары бойынша</p> <p>Топтағы ойыншық сөресін реттеу керектігін айту.</p> <p>ойыншықтарды</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Маманының жоспары бойынша</p> <p>Ана туралы өлең тыңдату. Ән кім туралы сұрау? Балалардан анасына қалай көмектесіндері туралы сұрау. Ойларын толық жеткізуін қалыптастыру (көркем әдебиет)</p> <p>Ғажайып сандықшадан көп алтын теңгелер шығару. Балаларды олар геометриялық фигура</p>	

	<p>Мерекелік ертеңгілік Балардың ән айту, билеп тақтақтар айтуы, ойындар (көркем әдебиет музыка, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>кім екенін сұрау. Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрау, әңгімелету. Үйде аналары балаларды қалай атап шақыратынын сұрау. (көркем әдебиет)</p> <p>Мерекелік ертеңгілік Балардың ән айту, билеп тақтақтар айтуы, ойындар (көркем әдебиет музыка, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>салыстыруды үйрету. Топтағы орындарын ауыстыруды менгерту (математика негіздері)</p> <p>Әр түрлі суреттерді көрсету аналардың мерекесі, қар мен шана туралы әңгімелер айту. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>дөңгелек деп таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтан дөңгелек заттарды тауып топтастыруды ұйымдастыру. (математика негіздері)</p>	
<p>2 –ші ас</p>	<p>Балалар тамақ ішер алдында қолды жуу тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау, орындыққа сүйенбей отыруларын қадағалау (Мәдени-гигиеналық дағдылар дербес әрекет).</p>				

Серуенге дайындық	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	Кортотека №1	Кортотека №2	Кортотека №3	Кортотека №4	
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркемсөз қолдану.</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p><i>Шелпек</i> <i>Ата, бала жер тегін</i> <i>Әжеміздің асықпай</i> <i>Майға піскен шелпегін</i></p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әдебиет)</p>				

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүруді ұйымдастыру Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаптарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балапаңдарым кәне ұйқыдан тұрайық. Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. 4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1. «Балапаңдар серуенге шықты» шик - шик - шик. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілпекті жолмен жүру.</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) <i>Көркем сөз.</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ең жақсы сөз Ең жақсы сөз – Ана, Ең жақсы сөз – Бала. Өсіп жатса бала, Ана оған пана. Аман болсын Ана, Аман болсын Бала.</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен</p>	<p>Қағаздан құрастырылған гүлдердің түрлерімен таныстыру. Орталықтарға</p>	<p>Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Шалқан» ертегісіндегі кейіпкерлердің іс әрекетін қайталап, сөздерін айтуға үйрету.</p>	

	<p>Н.Жанаев (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Аналарына арналған білезік жасату. (мүсіндеу) Аналарға арналған ашық хатты безендіру. (жапсыру)</p> <p>Ертеңгілікте айтатын әндерін билерін қайталау. (музыка)</p>	<p>айналысады. (жапсыру) (сурет салу) (мүсіндеу)</p>	<p>бөлініп ұнаған гүлмен шығармашылық жұмыстарын жасату. Таңдауы бойынша сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, құрастыруорын дату</p>	<p>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға бөлу. Бірінші топта композицияны құрастыруда дайын пішіндерді жапсыруға мүмкіндік беру. Екінші топта еркін тақырыпта бормен тақтада сурет салғызу. (жапсыру) (сурет салу)</p>	
Балалармен жеке жұмыс	<p>Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.</p> <p>Аяла, Алихан, Аянат</p>	<p>Жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>Оразхан, Садрадин, Темірлан.</p>	<p>Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналай алуға үйрету. Аягөз, Амина.</p>	<p>«Тәулік бөліктер» мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, тәулік бөліктерні ажыратуға атауға жаттықтыру. Раяна, Раяна.А, Алим.</p>	
Серуенге дайындық	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен</p>				

	жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикасы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі әшекей заттарды бір-бірден әр бала алып көруінжәнесипапсезу арқылызерттеу жасауын ұйымдастыру (математика негіздері) Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	Ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Күміс алу»	Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)	Еркін ойындар Тақпақтарын қайталау, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету Қимылды ойын «Не жедің, тауып айт»	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Дербес әрекет.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру, ас қасықпен шәй қасықты шапанышқыны, майлықты дұрыс ұстау нанды үгітпеу. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқ киім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Көктемге байланысты сурет салуды ұсыну.	Балаларға ертегі айтуды ұсыну.	Жол ережелері туралы түсіндіре білуді үйрету.	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Күншуақ»

Жоспардың құрылу мерзімі: 11.03.-15.03.24 ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.03.2024	Сейсенбі 12.03.2024	Сәрсенбі 13.03.2024	Бейсенбі 14.03.2024	Жұма 15.03.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. (сөйлеуді дамыту)	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарату,	Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардыңшанын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыс.	Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» ойнату Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,
Танертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларынынорындау. Тыныс алу жолдарын				

	шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) <i>Тамақ ішер кезде енді. Сөйле мейміз күлмей міз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші? Көктемде не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, бір біріне жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Қазақ тілі Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу	Музыка маманының жоспары бойынша Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ халқының тұрмыстық заттарын тану және атау дағдысын кеңейту. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша «Жеті лақ» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету (сөйлеуді дамыту) Қазақ халқының	Киіз үй туралы не білетіндерін сұрау. Халық мақалдарын айтқызу. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. (сөйлеуді дамыту) Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атау. Олардың қызметі туралы айтқызу олардың суретін
	Көктемнің алғашқы айы наурыз екені. Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге	Балаларды тұсаукесу»			

	<p>отырғызу, ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру дағдысын жетілдіру. «Тәй тәй» өлеңі әуеніне балаларды билету. Қуыршақты жетелеп жүруді ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту) музыка) Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көруіне жағдай жасау. (қоршаған ортамен танысу) Дайын әшекей бейнелерін бояту (сурет салу)</p>	<p>таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. (қоршаған ортамен танысу) Киіз үйге ойыншықтарды отырғызу барысында оңнан солға қарай бойына қарай дұрыс отырғызуды үйрету (математика негіздері) Ән ұранды айтқызу, қолдарын кеудесіне жүрек тұсына дұрыс қоюды үйрету (музыка)</p>	<p>ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруді жетілдіру (жапсыру)</p>	<p>салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)</p>
--	---	--	--	---	---

2 –ші ас	Балалар тамақ ішер алдында қолды жуу тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау, орындыққа сүйенбей отыруларын қадағалау (Мәдени-гигиеналық дағдылар дербес әрекет).				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №1	Картотека № 2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p><i>Құрт</i> <i>Томпайып ұртты</i> <i>Сорамыз құртты</i> <i>Жасайтын оны</i> <i>Тек қазақ ұлты</i></p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау. Қазақ халқының баяу күйлерін тындату (музыка)</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу</p> <p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүруді.</p> <p>Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі)</p>				

	<p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Бесін ас алдында қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p> <p>Мысық.</p> <p>Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым, Жаттығуды жасайық.</p> <p>Бір бүйірден екінші бүйірге аунау. (көзге арналған жаттығу) Қоңыз, қоңыз, қоңызым, Ағашқа ол өрмелеп Бұтаққа келіп отырып, Күнге көп қарайды, Қоңыз,қоңыз,қоңызым</p> <p>Тербеледі таяқта Тынығады, ұйқтайды. Балалар (Табанды шынықтыру массажы) \Оң қолға ұстап тарақты, Түрлі массаж жасайық. Сол қолға ұстап тарақты, Табанға массаж жасайық.</p>
<p>Бесін ас</p>	<p>Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p><i>Айран</i> <i>Үйдің ұйытқан айраны</i> <i>Асқазанға пайдалы</i> <i>Кефир деп атын бұрмалап</i> <i>Бекер босқа айтады</i></p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (базу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Балаларды екі орталыққа бөлу. Бірінші орталықта балалар құрылыс материалдарынан үй құрастырады. (құрастыру) Екінші орталықта шығармашылықпен айналысады. Қалаулары бойынша ұлттық тағамдардың (бауырсақ) суретін бояйды немесе мүсінін жасап үстел бетіне жайғастырады. Таңдауы бойынша дайын тағамдарды фетр тақтаға жапсырады.</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Кесе жасату. (мүсіндеу) «Сақина салу» ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату. (көркем әдебиет)</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Ермексаздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. (мүсіндеу) Кілемшедегі оюларды бояту. (сурет салу) Наурыз тойында киіз үйді тігетіні туралы кітаптар қарату. киіз үй туралы не білгендерін сұрау. (көркем әдебиет)</p>	<p>Әшекей бұйымдарды безендіру. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға дағдыландыру. (сурет салу) Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары) тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік</p>	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндету, оларды таяқшамен таңбалап безендіруді меңгерту (мүсіндеу)</p>
--	---	---	--	--	---

				нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет)	
Балалармен жеке жұмыс	Әңгіме құрастыру. Ата-әже туралы айту. Олардың немерелерін қалай еркелететіні жайлы айту. Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынасты дәріптеу. Жансая, Темірлан .	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем» (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Аида, Алихан	«Байқампаздар әлемі» Тақырыбы: «Пішіндер тығылды» Саусак бұлшық еттерін дамыту, геометриялық денелер туралы білімдерін толықтыру. Айым, Амина.	Жыл мезгілдерін және ерекшеліктерін айтып, суреттен көрсетеді. Аяла, Раяна.	Қымбылды ойындарды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алим, Малика.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Поезд»	Еркін ойындар Қ/О «Торғайлар мен	Еркін ойындар	Еркін ойындар	Еркін ойындар

	Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	автомобиль» Құрылыс материалдарымен еркін ойындар ойнату (кұрастыру)	Қ/О «Құстардың ұшып келуі»	Қ/О «Сақина жасыру»	Қ/О «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Дербес әрекет.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру, ас қасықпен шәй қасықты шанышқыны, майлықты дұрыс ұстау нанды үгітпеу. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғысайту	Рольдік ойындар ойнату үйде	Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну	Оқып берген ертегілерді үйде қайталау.	Демалысты тиімді ұйымдастыру жолдарын үйрету.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Күншуақ»

Жоспардың құрылу мерзімі: 18.03.-20.03.24

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.03.2024	Сейсенбі 19.03.2024	Сәрсенбі 20.03.2024	Бейсенбі 21.03.2024	Жұма 22.03.2024
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналар мен әңгімелесу, Кеңес беру	ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым-қатынасында өз ойын толық жеткізуі туралы әңгімелесу. Ата-аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық».</p> <p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексаз бен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.</p> <p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. (құрастыру)</p> <p>Кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.</p> <p>Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғат қақамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру</p>				
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары.</p> <p>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.</p> <p>1.1. Екі жакқа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.</p> <p>2. Бастапқы қалып: қолды кеуде тұсында бүгіп ұстап, етпетімен жату.</p> <p>2.1. Қолдарын алға созып, қарағай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарап, қарағай бүршіктерін иыққа қою.</p> <p>Дененің жоғарғы бөлігін қатты имеуге тырысу керек.</p>				

	<p>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанға қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.</p> <p>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.</p> <p>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.</p> <p>4.1. Қарағай бүршіктерін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баю жүру. (дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> <p>Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p><i>Қаймақ</i> <i>Пісіріп сүтті қайнатты</i> <i>Кілкіп ап жедік қаймақты</i> <i>Жатамыз жалап қаймақты</i></p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын.</p> <p>Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім! Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде қанша ай бар? Атап беріндер? Жарайсындар!!! Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Жаңбыр» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Қазақ тілі Кұрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.	Музыка маманының жоспары бойынша Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша		
	<p>Серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемдегі–құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарап, әңгімелеуіне мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Терезеге қарап жаңбырды тамашалау. Жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинау, жиналған суды топтағы өсімдіктерге құйюды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Күн тәртібі бейнеленген суреттер мен күн тәртібі бейнеленген қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды пысықтау: күндіз-түнде, таңертең-кешке түсінігін пысықтау Ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын тауып жапсыруды ұйымдастыру. (математика негіздері)</p>		

	Құстардың суретін аяқтау (шеңберге үшбұрыштар салу арқылы), бояту (сурет салу).				
2 –ші ас	Балалар тамақ ішер алдында қолды жуу тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау, орындыққа сүйенбей отыруларын қадағалау (Мәдени-гигиеналық дағдылар дербес әрекет).				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Кортотека№ 4	Кортотека№5	Кортотека №6		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркемсөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту) Қазақша ет Қазақша жоқ ет жемес, Жемейтін қазақты-қазақ демес				

	<p>Оны қазақша дайындап, Жемеген ет те -ет емес.</p>
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындарға іліп (немесе арнайы сөркеге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тындау. Көктемгі тіршілік туралы ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)</p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Бесін ас алдында қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету (өзінше-өзіне арналған дағдылар) арқаға арналған массажы Әтеш ұйықтап жатыр. Арқасымен жату, қол басында, аяқ бірге. Аяқ пен қолды жоғары көтеру, Әтеш оянды. Әтеш бидай іздейді. Отыру, аяқты бірінің үстіне бірін қою. 1. Басты оңға бұру 2. Қалыпқа келу 3. Басты солға бұру 4. Қалыпқа келу 5. Сол жаққа қайталау. Қыбыр-қыбыр жүріспен, Қоңыздар қырға шығады. Төмен қарай сырғанап, Қайта өрмелеп шығады. (Қолға арналған массаж) Қоңыз шықты ағашқа, Артында оның баласы. Бір мезгілде жаңбыр жауды Қоңыз</p>

	<p>жерге құлады. Күн шапағын шашады Қоңыз үйге қайтады. (ілгекті жолмен жүру) Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нұктелі Массаж жасау білеміз.</p>				
Бесін ас	<p>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітаптар қарату. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. (сөйлеуді дамыту Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздермен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Құстардың мүсінін жасау, фетр тақтасына жапсыру жұмыстарын орындату (мүсіндеу, жапсыру)</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем» (сурет)</p>	<p>Көктем мезгілі ерекшеліктерін айту Раяна, Амина.</p>	<p>Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналай алуға</p>		

	қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Нурасыл, Жанайым		үйрету. Томирис, София		
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Қимылды ойын «Жоғары лақтыр» Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыру. (Құрастыру)	Қимылды ойын «Сақина жасыру» Еркін ойындар	Ауладағы ағаштарды бақылау, салыстыру, Ағаштарды, дала гүлдерін тану және атау, өсімдік бөліктерін тануын қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Поезд»		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Дербес әрекет.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру, ас қасықпен шәй қасықты шанышқыны, майлықты дұрыс ұстау нанды үгітпеу. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар қарауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				

қарау және тағы басқарып отыратын	Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. (Жапсыру)				
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.	Қазақша жаңа жыл туралы әңгімелесуді ұсыну	Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.		

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: № 15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Күншуақ»

Жоспардың құрылу мерзімі: 25.03.-29.03.24 ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 25.03.2024	Сейсенбі 26.03.2024	Сәрсенбі 27.03.2024	Бейсенбі 28.03.2024	Жума 29.03.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, денсаулығы туралы сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық».</p> <p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.</p> <p>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру.</p> <p>Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру</p>				
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты				

	<p>дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Жарайсындар!!! Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Көктемгі ағаштар» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:</p>	<p>Музыка Маманның жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Маманның жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Маманның жоспары бойынша</p>		
	<p>Бәйтерек ағашы туралы мультфильм суреттер қарату. Астанадағы бәйтерекпен салыстыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып</p>	<p>Дидактикалық ойын «Ағаштардың дөнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға</p>	

		<p>жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстыруын ұйымдастыру. (мүсіндеу)</p> <p>Көктем мезгілі турал фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет етіп салып, есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)</p>	<p>Балалардың дербес шығармашылық әрекеті. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. (сурет салу).</p>	<p>саластыру жағдайын жасау. (математика негіздері)</p> <p>Қоржыннан шыққан ойыншықтардан әр түрлі құрылым құрастыру. Құрастырған құрылым пен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру)</p>	<p>болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнатуын ұйымдастыру (сөйлемді дамыту)</p> <p>Дөңдерді екеуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасау. (математика негіздері)</p>
--	--	---	--	---	---

		«Бакша ағаштар» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру. (көркем әдебиет)			
2 –ші ас	Балалар тамақ ішер алдында қолды жуу тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау, орындыққа сүйенбей отыруларын қадағалау (Мәдени-гигиеналық дағдылар дербес әрекет).				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		Кортотека №1	Кортотека №2	Кортотека №3	Кортотека №4
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркемсөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айтқызу. (сөйлеуді дамыту) Ірімшік Дастарханды жайнатқан Ірімшікті қайнатқан				

	<p>Ұнатады дәмін ап Келген қонақ жан -жақтан</p>
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Өртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)</p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар). Мысық. Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым, Жаттығуды жасайық. Бір бүйірден екінші бүйірге аунау. (көзге арналған жаттығу) Қоңыз, қоңыз, қоңызым, Ағашқа ол өрмелеп Бұтаққа келіп отырып, Күнге көп қарайды, Қоңыз, қоңыз, қоңызым Тербеледі таяқта Тынығады, ұйқтайды. Балалар (Табанды шынықтыру массажы) \Оң қолға ұстап тарақты, Түрлі массаж жасайық. Сол қолға ұстап тарақты, Табанға массаж жасайық.</p>

Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Сары дәрі қымызым Бұрқыраған нiсi Мұрныңнан кетпес күн ұзын.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айту. Оның макетін көрсету. Құрылыс бөліктерін санату, салыстыруды пысықтау (математика негіздері) Балаларды орталықтарға бөліп жақсы көретін әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта фетр тақтасында жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері) «Көктемдегі Маша мен аю» Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруға жағдай жасау (мүсіндеу) Бау бақша жасату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауды, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру заттар нысандардың бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің кәсіптік дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық менбағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (жапсыру)

			ойнау дағдысын жетілдіру. (құрастыру)		
Балалармен жеке жұмыс		Жақсы мен жаман әрекет терді ажырата білуге үйрету. Алихан, Нурасыл	Шамасы әр түрлі 4-5 затты өсу және кему ретімен орналастырады Жансая, Темірлан	3 ке дей 3 ке дей тура және кері санауды үйрету. Алим, Аяғоз	«Жақпайын қапшық» Заттардың атауларын сөздік қорын білдіретін сөздермен байыту Оразхан, Айда
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикасын дамыту)				
Серуен		Қимылды ойын «Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р» «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ағаштың не беретінін естерінде сақтау. Ағаштардың жапырақтарын бақылату. (көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық.»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Допты дәлдеп лақтыр» Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Қоян мен қасқыр	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойыне режелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Серуеннен оралу	Кешкі ас				
	Гигиеналық дағдылар. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру, ас қасықпен шәй				

Кешкі ас	қасықты шанышқыны, майлықты дұрыс ұстау нанды үгітпеу. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Балалардың дербес әрекеті (бау қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Кілемшені сәндеу. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы		Наурыз мерекесіне арналған өлнндерді жаттату	Ағаштар туралы әңгімелесуді ұсыну.	Әдептілік-тазалық туралы әңгімелесу.	Қандай ойыншықпен ойнап жүрміз ата-әжелермен әңгімелесу.